**Автор**: Исенова Гулмаржан Берішбайқызы
**Пән**: Қазақстан тарихы
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Сақтар
**Тақырып**: Тасмола археологиялық мәдениеті

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.2.2.1 – археологиялық ескерткіштерді салыстыру; |
| Сабақтың мақсаты: | Көпшілігі:Тасмола археологиялық ескерткіштерін айтады; Басым көпшілігі: Мұртты обалардың ерекшеліктерін талдайды; Кейбірі: Мұртты обалар не үшін және кім үшін салынғандығына болжам жасайды |
| Тілдік мақсаттар: | 1." Мұртты оба" ұғымы туралы түсінік береді (айтылым дағдысы); 2. "Мұртты обалардың ерекшеліктерін салыстырады (жазылым дағдысы). 3. Тақырыпты ашу барысында бейнеролик тыңдайды (тыңдалым дағдысы). 4. Тақырып бойынша мәтінмен жұмыс жасайды (оқылым дағдысы). |
| Күтілетін нәтиже: | 1." Мұртты оба" ұғымы туралы түсінік береді (айтылым дағдысы); 2. "Мұртты обалардың ерекшеліктерін салыстырады (жазылым дағдысы). 3. Тақырыпты ашу барысында бейнеролик тыңдайды (тыңдалым дағдысы). 4. Тақырып бойынша мәтінмен жұмыс жасайды (оқылым дағдысы). |
| Бағалау критерийлері: | -Тасмола археологиялықескерткіштерінайтаалады; - Мұртты обалардың ерекшеліктерін талдау жасай алады; - Мұртты обалар не үшін және кім үшін салынғандығына болжам жасай біледі; |
| Құндылықтарды дарыту: | құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | bilimland.kz слайд |
| Пәнаралық байланыс: | география, бейнелеу |
| Бастапқы білім: | 5.2.2.2 Берел қорғандары |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | Тренинг: "Шаттық шеңбері" көңіл күйді анықтап алу 4 топқа бөлу Бейнеролик көрсету "Мұртты обалар" әлі де зерттеуді қажет етеді (тыңдалым) | Тренинг |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(20 минут) | Білу, түсіну, қолдану "ДЖИГСО" әдісі \Оқылым\ Жеке, топтық жұмыс. Мәтінмен танысындар. 1 топ. Мұртты обалардың ерекшеліктері 2 топ. Мұртты обалардың зерттелу тарихы 3 топ. "Мұртты" обаларды қандай тайпалар қалдырды? 4 топ. Мұртты обалар қай жерде орналасқан? Дескрипторы: - Оқулықтан өздеріне қажетті ақпаратты табады -Тақырыпты жеке, топта талдау жүргізеді - Өзге топтарға ақпараттыжеткізеді 4 топ "Бағдаршам" әдісімен өзара бағалайды Деңгейлітапсырмалар беріледі. Топтарға тапсырма: Картамен жұмыс\айтылым\Дескрипторы - Картадан тасмола мәдениетінің географиялық орналасқанаймағын айтады; - Мұртты обалармен көрші орналасқанмәдениеттердіауызша сипаттайды; Талдау «Керекті сөздер» Мәтіндегі көпнүктенің орнына керекті сөздерді қояды . 1.Тасмола мәдениеті....аймағында орналасқан 2.Тасмола обаларын ...... деп атайды   3.Мұрттыобалар ..... бөлмелерден тұрған 4.Қайтыс болған адамның үстіне ..... , алжылқы көмілген жерге ..... тұрғызылған. 5.Тізбектер....... ұқсасболғандықтан ғалымдар мұртты обалар деп атаған. 6. Қазақстанаумағында........мұртты оба ескерткіштері анықталған. 7. Павлодар облысы,Екібастұз ауданы, ..... Деген жерден табылған. Керекті сөздер : үлкен оба ; Орталық Қазақстан ; кіші үйінді; мұртты ; үлкен ,кіші, 300-ден, тасмола. Дескрипторы: - Сөздерді орнына дұрыс қояды Жинақтау Капитан ойыны (әр топтан капитандар ортаға шығып сұрақтарға жауап береді) Ерте темір дәуіріндегі мұртты обалардың ролі қандай? Мұртты обалардың атқарған қызметі, олар не үшін салынған? Мұртты оба деп аталу себебі неде және олар кімдер үшін салынды? Қазіргі таңда мұртты обалардың қажеттілігі бар ма? Дескрипторы: - Сұрақтарға ұтымды жауаптар айтады және сабақта алған білімімен ұштастырады. - Сұрақтарға тарихи деректерді нақты және мысалдар келтіреді. "Қошемет" Әрбір ұтымды жауаптары үшін қошемет көрсетіледі \қалыптастырушы бағалау\  «. | Бейнеролик https://www.youtube.com/watch?v=aA0ZbjacELQ ДЖИГСО әдісі |
| Сабақтың соңы<br>(10 минут) | «Дұрыс- бұрыс» әдісі: Анықтауға берілген сөйлемдер Дұрыс Бұрыс 1)Тасмола мәдениетінің қалыптасқан кезеңі - б.з.б. VII- III ғғ 2)Тасмола обаларының ұзындығы 20-45 м. 3) Тасмола мәдениеті обаларының басқа сақ обаларынан ерекшелігі жоқ 4)Тасмола обаларын төбеден қарағанда тас тізбектері мұртқа ұқсас келеді 5) Тасмола мәдениеті аримаспы тайпаларынан қалған ескерткіш    Дескрипторы Берілген сөйлемдердің дұрыс бұрысын анықтап белгілейді. | Дұрыс бұрыс әдісі |
| Рефлексия<br>(5 минут) | Сабақ соңында оқушылармен жүргізілетін рефлексия | Рефлексия |